

"Субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/55 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 03 желтоқсандағы № 3-1/626 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 12 желтоқсанда № 8955 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 8 қазандағы № 3-2/905 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 8.10.2015 № 3-2/905 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 36 қаулысын іске асыру мақсатында,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/55 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 8342 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр *А. Мамытбеков*

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 3-1/626

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің м. а.

2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/55

бұйрығымен бекітілген

Субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегі

Р/с №	Облыстар	Шығыстар баптары (мың теңге)								
		Сиыр еті	Шошқа еті	Қой еті	Жылқы еті	Биязы жүн	Сүт	Қымыз	Шұбат	Құс еті
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	Ақмола	203 570	39 742	6 300	21 344		372 000	8 580	330	52 000
2	Ақтөбе	162 924	442 764	10 000	14 720		159 500	3 000	550	75 000
3	Алматы	408 000	481 600	75 000	64 400	105 000	526 500	39 000	66 000	4 340 0
4	Атырау	12 207		8 990	8 096		3 840	798	6 050	
5	Шығыс Қазақстан	404 100	80 490	65 000	61 640	5 499	803 000	39 000		1 935 5
6	Жамбыл	259 080	124 066	92 200	26 680	47 250	52 545	16 140	4 400	
7	Батыс Қазақстан	412 449	98 980	17 869	51 126		66 685	4 420		
8	Қарағанды	42 876	530 048	90 000	142 600		89 500	120 000		315 500
9	Қостанай	279 219	25 200		4 462		580 334	780		125 000
10	Қызылорда	60 000		16 000	16 100		136 900	3 720	19 281	
11	Маңғыстау			2 500					24 750	
12	Павлодар	204 000	200 370	33 500	42 320		350 000	32 100		
13	Солтүстік Қазақстан	99 160	139 160		1 840		664 985	720		68 350
14	Оңтүстік Қазақстан	21 3011	40 000	40 000	24 196	11 004	56 500	9 000	20 350	574 998
	БАРЛЫҒЫ	2 760 596	2 202 419	457 359	479 524	168 753	3 862 288	277 258	141 711	7 486 3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК